

"Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 25 шілдедегі N 205-ө Өкімі "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 маусымдағы Заңын (бұдан әрі - Заң) іске асыру мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Заңды іске асыру мақсатында қабылдануы қажетті нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2005 жылғы 25 шілдедегі
N 205 - ө өкімімен

бекітілген

**"Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы"
Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында
қабылдануы қажетті нормативтік құқықтық кесімдердің
тізбесі**

P/c N	Нормативтік құқықтық кесімнің атауы	Кесімнің нысаны	Орындалу мерзімі	Орындауға жауапты мемлекеттік орган
1	2	3	4	5
1	Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы	Қ Р Ұ Б Басқармасының қаулысы	2005 жылғы қараша	Қ Р Ұ Б (келісім бойынша)
2	Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын резидент еместердің валюталық операцияларының мониторингін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы (валюталық мониторинг)	Қ Р Ұ Б Басқармасының қаулысы	2005 жылғы қараша	Қ Р Ұ Б (келісім бойынша)
3	Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасына бөлшек сауданы жүзеге асыруды және қызметтер көрсетуді лицензиялау ережесін бекіту туралы	Қ Р Ұ Б Басқармасының қаулысы	2005 жылғы қараша	Қ Р Ұ Б (келісім бойынша)

4	Әкетілетін қолма-қол шетел валютасының шығу заңдылығын растайтын құжаттардың тізбесі туралы	Қ Р Ұ Б Басқар- масының қаулысы	2 0 0 5 жылғы қараша	Қ Р Ұ Б (келісім бойынша)
5	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 13 маусымдағы N 229 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының валюталық заңнамаларын сақтау мәселелері жөнінде тексерулер ұйымдастыру және жүргізу ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қ Р Ұ Б Басқар- масының қаулысы	2 0 0 5 жылғы қараша	Қ Р Ұ Б (келісім бойынша)
6	Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 13 мамырдағы N 221 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы жол жүретін жеке адамдардың шетелдік және ұлттық валюталарды декларациялауының ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ҚР Қаржымині КБК бұйрығы	2 0 0 5 жылғы желтоқ- сан	Қ Р Қаржымині КБК
7	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы N 400 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қ Р Ұ Б Басқар- масының қаулысы	2 0 0 5 жылғы қараша	Қ Р Ұ Б (келісім бойынша)
8	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 5 қыркүйектегі N 343 қаулысымен және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 10 қазандағы N 1409 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қ Р Ұ Б Басқар- масының қаулысы ҚР Қаржымині КБК бұйрығы	2 0 0 5 жылғы қараша	Қ Р Ұ Б (келісім бойынша) Қ Р Қаржымині КБК

Ескерту: аббревиатураларды ашып жазу:
ҚРҰБ - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі;
ҚР Қаржымині КБК - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Кедендік бақылау комитеті